

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(22) сәуір-маусым 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
- Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*
- Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*
- Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*
- Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*
- Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*
- Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*
- Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*
- Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*
- Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*
- Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*
- Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*
- Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*
- Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*
- Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ

Шаяхметов Н.У.¹, Байшов Б.Б.², Четин Нур³

¹Т.ғ.д., қауымд. проф. Astana IT University.

²PhD докторант. Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ.

³PhD, Кыршехир Ахи Эвран универ-і

Аңдатпа. *Kıpıçne.* Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау Әзірбайжан, Қазақстан, Ресей, Түркіменстан және Иран секілді Каспий жағалауы елдері үшін ғана емес, әлемдік геосаясат үшін де тарихи, саяси, экономикалық және әскери-стратегиялық маңызға ие болды. XX ғ.аяғы – XXI ғ.басында Кеңестер Одағы өмір сүруін тоқтатқаннан кейін Каспий теңізі шекаралары мен мәртебесін айқындау таласты әрі күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселеге айналды. Мақалада Каспий теңізі мәртебесін айқындау мәселесінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері тарихи тұрғыдан сарапталады. Зерттеу жұмысы барысында Каспий теңізі мәртебесін айқындауға байланысты тарихи-дипломатиялық және саяси-құжаттар мен мәліметтер талданып, осы мәселеге қызығушылық танытқан мемлекеттердің арасындағы пікір алмасулардың негізгі бағыттары және оларды шешу жолдары ашып көрсетіледі. Оның ішінде 2018 жылдың 12 тамызында Қазақстанда өткізілген Ақтау саммитінің тарихи маңызына ерекше мән беріледі.

Түйін сөздер: Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі К, орыс-парсы келісімдері, Каспий теңізін зерттеу тарихы, кеңес-иран шарты, Ақтау саммиті, Каспий теңізі

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Шаяхметов Н.У.¹, Байшов Б.Б.², Четин Нур³

¹Д.и.н., ассоциированный профессор. Astana IT University. г. Нур-Султан, Казахстан.

²PhD докторант. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева.

³PhD, профессор. Кыршехирского университета имени Ахи Эврана. г. Кыршехир, Турция

Аннотация. *Введение.* Определение правового статуса Каспийского моря имеет исключительное историческое, политическое, экономическое и военно- стратегическое значение не только для всех прикаспийских стран – Азербайджана, Казахстана, России, Туркменистана и Ирана, но и для мировой геополитики. После распада СССР в конце XX века проблема определений границ и правового статуса Каспийского моря стала жизненно важной для всего региона.

В данной статье анализируются исторические аспекты формирования и развития проблемы определения статуса Каспийского моря. В ходе исследования изучены историко-дипломатические и политико-правовые документы и материалы, связанные с определением границ и статуса Каспийского моря в конце XX - начале XXI вв., раскрываются ключевые вопросы дискуссий и пути их решения между заинтересованными государствами. Особое внимание уделяется историческому значению Актауского саммита, прошедшего 12 августа 2018 г. в Казахстане.

Ключевые слова: Каспийское море, история изучения Каспийского моря, российско-персидское соглашение, советско-иранский договор, Актауский саммит, Конвенция о правовом статусе Каспия.

DETERMINATION OF THE LEGAL STATUS OF THE CASPIAN SEA: HISTORY AND MODERNITY

Shayakhmetov N.¹, Baishov B.², Çetin Nur³

¹Doctor of History, Associate Professor. Astana IT University.

²PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University.

³Prof. Dr. Kirsehir Ahi Evran University. Kirsehir, Turkey

Abstract. Introduction. The determination of the legal status of the Caspian Sea has exceptional historical, political, economic and military-strategic significance not only for all the Caspian littoral countries - Azerbaijan, Kazakhstan, Russia, Turkmenistan and Iran, but also for world geopolitics. After the collapse of the USSR at the end of the 20th century, the problem of defining the borders and legal status of the Caspian Sea became vital for the entire region.

This article analyzes the historical aspects of the formation and development of the problem of determining the status of the Caspian Sea. The study examined the historical, diplomatic and political legal documents and materials related to the definition of the borders and status of the Caspian Sea at the end of the 20th and beginning of the 21st centuries, reveals the key issues of discussions and ways to solve them between interested states. Particular attention is paid to the historical significance of the Aktau Summit, held on August 12, 2018 in Kazakhstan.

Keywords: Caspian Sea, the history of the study of the Caspian Sea, the Russian-Persian agreement, the Soviet-Iranian agreement, the Aktau summit, the Convention on the legal status of the Caspian Sea.

Кіріспе

Каспий өңірі тек жағалауындағы ғана емес, жаһандық геосаяси қатынастарда ерекше орын алатындығына байланысты басқа да бірқатар мемлекеттердің саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық мүдделерінің тоғысқан жері болып табылады.

2020-2030 жылдарға арналған ҚР сыртқы саясаты тұжырымдамасының 4.6-бабында: «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның негізінде, сондай-ақ Қазақстанның энергетика, көлік, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік салаларындағы ұзақ мерзімді мүдделерін ескере отырып, Каспий өңірінде тұрақтылықты сақтау және ынтымақтастықты кеңейту» (Қазақстан, 2020-2030) деген ұстаным Каспий теңізінің сыртқы саясатта басым бағыттардың бірі екенін айғақтайды. Бұдан басқа, 2017 жылдың 29 қыркүйегінде бекітілген ҚР-ның Әскери доктринасында Каспий теңізінің құрлықтық қайраңындағы мемлекет мүдделерін қорғауға ерекше назар аударылады (Қазақстан, 2020.).

Каспий теңізінің Қазақстан және теңіз жағасындағы басқа да мемлекеттер үшін маңызы төмендегі факторлармен тығыз байланысты. Біріншіден, теңіз аймақтағы барлық елдер үшін үлкен әскери-стратегиялық маңызға ие. Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау сонымен бірге теңіз жағалауы елдерінің мемлекеттік шекараларының анықталғандығын білдірді. Екіншіден, Каспий алабының минералдық шикізаты әлемдегі ғаламдық экономиканың балама қоры болып есептелетіндіктен ол маңызды энергетика көзі рөлін атқарды. Үшіншіден, мемлекеттік бюджеті Каспийдің мұнай-газын өндіру мен сатудан түсетін табысқа тәуелді елдер, әсіресе Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан елдерінің ұлттық экономикасының тұрақты дамуы үшін теңіз

мәртебесін айқындаудың маңызы зор болды. Төртіншіден, теңіздің транспорттық-логистикалық әлеуеті Иран мен Ресей сияқты теңізге шығатын жолдары жоқ Әзірбайжан, Қазақстан және Түркіменстан елдері үшін үлкен маңызға ие болып табылады. Бесіншіден, барлық жағалық мемлекеттердің экономикасында Каспий теңізіндегі балық шаруашылығы мен бекіре балығын аулаудан түсетін табыс та үлкен рөл атқарды. Мәселен бекіренің 1 кг. қара уылдырығы 1 мың долл, альбинос-бекіренің 1 кг. алтын уылдырығы 44 мың долл. тұрса, 1 кг. мұнайдың орташа бағасы – 50-ақ центті құрайды (Батырь, 2019: 56.).

Каспий өңірінде қуат көздерінің бай қорының шоғырлануы жағалық және басқа да ірі мемлекеттер тарапынан теңізге саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық мүдделердің артуына себеп болды. Сондықтан Каспий бірегей геосаяси және экономикалық жүйе ретінде қуат көздерін өндіріп, экспорттаушы – Әзірбайжан, Қазақстан, Ресей, Түркіменстан және Иранның; ірі энергетикалық жобалардың жетекшілері (көмірсутек қорларын барлау, игеру және өндіру, мұнай-газ құбырлары құрылысын жүргізу және т.б.), өңірден тыс орналасқан – АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, ЕО елдері, Түркияның; ірі трансұлттық компаниялардың (Chevron-Техасо, Еххон-Mobil, Shell, Eni, British Petroleum, British Gas, Agip/ENI, Total, ЛУКойл, Инрех, Газпром және т.б.) мүдделерінің тоғысқан аймағына айналды. Бұдан басқа, Ресей, Иран және Түркия аймақта мұнай мен газ тасымалдаудың баламалы бағыттарын қамтамасыз ету тұрғысынан өңірдегі басты бәсекелестер болып табылады (Tunsay, 2006.).

Осылайша, көптеген елдердің жаһандық геосаяси және экономикалық мүдделерінің тоғысуы жағдайында Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындауды өңірдегі ықпалдастық пен саяси тұрақтылықтың кепілі ретінде бағалауға болатын еді. **Каспий теңізі туралы.** Каспий теңізі - (ағылшынша - **The Caspian Sea**; парсыша - Дарья-Хезер) әлемдегі ең ірі құрлық ішіндегі суқойма болып есептеледі.

Теңіз Қап тауы жотасынан шығысқа және Орталық Азияның кең даласынан батысқа қарай 36 34' және 47 07' солтүстік ендік және 46 43' және 54 51' шығыс бойлық аралығында орналасқан. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр және солтүстік-батысында Ресеймен, солтүстік-шығысында Қазақстанмен, оңтүстігінде Иранмен, оңтүстік-шығысында Түркіменстанмен, ал оңтүстік-батысында Әзірбайжанмен шектеседі (Шлямин, 1954).

Теңіздің солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы 750 миль (1200 шақырым), ал батыстан шығысқа дейінгі енінің орташа ұзындығы – 200 мильді (320 шақырым) (кейбір дерек көздері бойынша 200-ден 435 шақырымға дейінгі аралықты) құрайды. Теңіздің су беті аумағы шамамен 149 200 шаршы мильді (386 400 шаршы шақырым), басқа деректер бойынша шамамен 440 000 шаршы шақырымды, ең терең тұсы 3360 футқа (1025м.) дейін жетеді. Ал су көлемі жағынан Каспий теңізі 78 мың текше шақырымды немесе жер шарындағы көл сулары жалпы қорының 44%-ын қамтиды. Каспий теңізінің деңгейі әлемдік мұхит деңгейінен 27 м. төмен орналасқан. Алайда, мамандар теңіз деңгейінің өзгеруіне байланысты теңіздің геологиялық көрсеткіштерінің бір қалыпты тұрмайтындығына назар аудартады.

Каспий теңізіне барлығы 130-дан аса өзен құяды, оның ішіндегі ең ірісі әрі теңізді Әлемдік мұхитпен байланыстыратын Еділ (Волга) өзені. Каспий сонымен қатар әлемдегі ең ірі тұзды суқойма болып табылады.

Каспий теңізі 850-ге жуық жануарлары, үлкенді-кішілі 120-ға жуық балық түрлері мен 500-ден астам өсімдігі бар өзіндік табиғи әлемінің болуымен ерекшеленеді. Олардың ішінде 20-дан жануарлар мен 20-дан аса өсімдік түрлері Қызыл кітапқа енгізілген. Каспийде бекіре балықтарының әлем бойынша ең үлкен қоры шоғырланған және теңізден ауланатын бекіре балығының көлемі әлемдегі ауланатын бекіре балығының 90%-ға жуық үлесін құрайды. Теңіздің солтүстік бөлігінде итбалық, оның ішінде итбалық терісін өңдеу өндірісі жақсы дамыған (Caspian-Sea/<https://www.britannica.com/place/Caspian-Sea>).

Каспий алабында мұнай мен газ көмірсутегінің орасан зор қоры шоғырланған. Бұл турасында Орталық Азия елдерінің қазіргі заман тарихы бойынша маман М.Б. Олкотт Экономикалық Әріптестік және Даму Ұйымының мәліметін негізге ала отырып, Каспий алабында әлемдік мұнай қорының шамамен алғандағы 3% үлесі орналасқан деп атап өтеді. Ал АҚШ үкіметі жанындағы энергетикалық ақпараттар басқармасының бағалауы бойынша Каспий аймағында дәлелденген мұнай қоры 17-ден 35 млрд баррельге дейінгі ауқымды құрайды. М.Б.Олкотт осы жерде аталған сандық көрсеткіштің аз мөлшері Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының (ОПЕК) мүшесі Катардың, ал жоғарғысы АҚШ-тың мұнай қорының көрсеткіштерімен бірдей деп атап өтеді (Олкотт, 2005:68.).

Алайда, ресми деректерде Қазақстанның барлық болжамданған көмірсутек шикізатының қоры 17 млрд. тонна, ал соның ішіндегі Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі үлес 8 млрд. тоннаны құрайды деп көрсетіледі. Жалпы, Қазақстан әлемдегі көмірсутек шикізатының 3,3 %-дық қорына (алынатын мұнай қорлары 4,8 млрд.тоннаны құраса, алынатын газ қорларының көлемі Каспий қайраңындағы жаңа кен орындарын қоса алғанда 3 трлн. текше метрге жетті, ал газдың болашақтағы әлеуеті 6-8 трлн. теңгеге бағалануда) ие (Программа, 2010.).

Деректер, тарихнама және зерттеу әдістемесі

Каспийдің тарихы мен құқықтық мәртебесін зерттеуге деген ғылыми қызығушылық Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін күрт өсті. Каспийді қорғау мен игеруге байланысты көптеген мәселелер мен теңіздің халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындаудың тарихи-құқықтық аспектілері бірқатар құқықтанушы, саясаттанушы, тарихшы, эколог және басқа да ғылым саласы мамандарының зерттеу нысанына айналды. Осы саладағы зерттеу үрдісіне көптеген елдердің ғылыми қауымы, соның ішінде, әсіресе, Ресей, Әзірбайжан, Қазақстанның ғалымдары мен сарапшы-мамандары белсенді түрде ат салысты.Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындаудың зерттелу мәселесіне қатысты бірқатар ғылыми әдебиеттер мен деректер жарық көрді.

Бүгінгі таңда Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі бойынша 80-ге жуық келісімшарттар мен құқықтық актілер жинақталған. Олардың арасында Ресей империясы пен Парсы елі, Кеңестер Одағы мен Иран арасындағы қатынастарды реттейтін келісімдер, КСРО ыдырағаннан кейінгі жер қойнауын құқықтық жағынан реттеу, энергетикалық ресурстарды тасымалдау мен Каспий жағасындағы мемлекеттердің табиғи ортаны қорғауға бағытталған құқықтық ережелер, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция мен мемлекеттердің әріптестігі турасындағы 2018 жылы қабылданған бірқатар құжаттар белгілі (Жильцов және т.б., 2018.).

Мәселемен танысу барысында халықаралық-құқықтық құжаттар мен тарихи деректердің үлкен тобына сараптама жасалды (Токаев және т.б., 2010.).

Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі мен аталған сұраққа байланысты Қазақстанның ұстанымы, халықаралық және экологиялық қауіпсіздік, табиғатты қорғау, теңіз жағасы мемлекеттерінің экономикалық әріптестігі барысындағы энергия көздерінің ролі және т.б. өзекті мәселелер К.К. Тоқаев, В.Х. Физзатов, А.В. Смирнов, З.А. Аманжолова, С.К. Кушкумбаев, У. Қасенов, М.А. Сәрсембаев, Т.К. Ержанов, А.А. Сәлімгерей, А.Е. Абишев, Б. Сәрсембаев, Д. Қалиева, А. Сабыров, А. Избасаров, А. Серікова, Г. Саркуловажәне т.б. қазақстандық дипломаттар мен зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды (Токаев және т.б., 1997.). Осы тұста жоғарыдағы Каспий мәселесі бойынша өткізілген келіссөздер үрдісіне тікелей қатысқан дипломаттардың еңбектерінің (мақалалар, сұхбаттар, пікір білдіру, сараптамалық бағалау және т.б.) құндылығын атап өткен жөн.

Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі мәселесінің түрлі аспектілері С.Б. Дьяченко, Ю.Г. Барсегов, П. Дарабади, А.М. Темирбулатов, И.С. Зонн, С.С. Жильцов, А.М. Ушков, М. Г. Леухова, А. Е. Пьянов, С.А. Притчин, К.А. Бекашев, А. Качалова, В. Батырь және т.б. ресейлік ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді (Дьяченко және т.б., 1995.).

Белгілі ресейлік ғалымдар С.С. Жильцов, И.С. Зонн және т.б. құрастырған «Каспий: международно-правовые документы» атауымен жарық көрген іргелі еңбектің деректемелік құндылығы жоғары. Аталған жинақта XVIII-XXI ғасырлардағы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің әртүрлі қырларынан мәлімет беретін тарихи-құқықтық дереккөздер мен халықаралық-құқықтық құжаттар жинақталып, алғаш рет бір жүйеге келтірілген (Жильцов және т.б., 2018.).

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің өзекті мәселелері құқықтану, саясаттану және тарих ғылымдары бойынша жазылған диссертациялық зерттеу еңбектерінің тақырыбына айналды (Салимгерей және т.б., 2000.).

Біздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша Р. Мамедов, Ф. Шафиев, Ш. Абилов, И. Гурбанов, А. Гарибов, Ф. Мамадов, К. Алиев, Р. Ибрагимов және т.б. Әзірбайжан ғалымдарының еңбектері академиялық қызығушылық тудырады (Мамедов және т.б., 2001.). Осы тұста көптеген әзірбайжандық ғалымдар мен сарапшылардың Каспий мәселесі бойынша жүргізген зерттеулерін ағылшын тілінде басып шығарғандығын айта кетуіміз қажет. Мәселен, Каспийдің құқықтық мәселелері бойынша маман Р.Ф. Мамедовтың еңбектері өзінің мазмұнының тереңдігімен ерекшеленді. Ғалымның зерттеулерінде Каспийдің тарихы мен халықаралық-құқықтық мәртебесінің қазіргі жағдайына жан-жақты талдау жасалған (Мамедов және т.б., 2006.).

Каспийдің халықаралық-құқықтық мәртебесінің көпқырлы мәселелері: Ресей империясы мен Парсы елінің, КСРО мен Иранның тарихи-құқықтық мұрасы (1935 жылға дейін - Персия, 1979 жылдан бастап - Иран Ислам Республикасы – авт.) Каспий алабындағы қуат көздерін игеру мен тасымалдау мәселесі, теңіз жағалауы мен өңірден тыс субъектілердің түйінді мәселелерді шешудегі ұстанымдары мен геосаяси мүдделері, «мұнай дипломатиясы», қазіргі кездегі минералды ресурстарды игеру мен экологиялық жағдай сияқты тақырыптар АҚШ, Түркия және т.б. елдердің ғалымдары тарапынан зерттеліп, ағылшын тіліндегі еңбектерде жарияланды (Daniel Ryan Koslosky және т.б., 2002.). **Зерттеу әдістемесі.** Зерттеудің әдістемелік негізіне тарихилық, объективтілік және жүйелілік ұстанымдары алынды.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудағы тарихи-құқықтық тәжірибе ұлттық, геосаяси, экономикалық және әскери-стратегиялық факторлардың өзара байланысында тарихи қағида негізіне сүйене отырып қарастырылды. Мүмкіндігінше көп факторларды есепке ала отырып зерттеу Каспий мәселесінің неғұрлым шынайы бейнесін түсінуге ықпал жасады. Жүйелілік тәсіл қарастырылып отырған мәселені тұтастай және теңіз жағасы аумағының даму эволюциясымен өзара байланыста зерттеуге мүмкіндік берді.

Бұдан басқа, сипаттау, хронологиялық, деректанулық-тарихнамалық, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-құқықтық, аналогия, ретроспективті және перспективті талдау әдістері кеңінен пайдаланылды.

Каспий теңізін зерттеу тарихынан. Каспий теңізі туралы жазбаша деректер мен тарихи-географиялық мәліметтер ежелгі заманнан бері кең тараған. Каспий теңізінің атауы б.з.б. II мыңжылдықта Кавказдың орталығы мен оңтүстік-шығысын мекендеген ежелгі каспи тайпасы атауынан алынған.

Каспий теңізі мен оның жағалаулары туралы алғашқы маңызды деректер грек зерттеушілері еңбектерінде кездеседі. Мәселен, Геродот (б.з.д. 484-425жж.) жазбаларында Каспий мұхиттан бөлек орналасқан тұйық су кеңістігі ретінде сипатталса, Аристотель (б.з.д. 384-322жж.) мен Птолемей (б.з. 90-168жж.) де өз кезегінде Геродот жазбаларын қуаттай түседі.

Б.з.д. VIII-III ғғ. Каспийдің шығыс және солтүстік-шығыс жағалауын мекендеген сақ тайпаларын кейіннен ғұндар мен түркі тілдес тайпалар ауыстырды.

X-XIII ғғ. ортағасырлық араб ғалымдары Каспийді тұйық және шеңбер пішіндес теңіз ретінде таныған.

Белгілі зерттеуші-маман Р.Мамедовтың мәліметі бойынша Каспий теңізі түрлі тарихи кезеңдерде 40-қа жуық атаумен белгілі болған. Тарихи деректер теңіз жағасын мекендеген халықтардың теңізді көп жағдайда өздерінің этникалық атаулары бойынша төмендегідей атағандығын көрсетеді: Парсыларда «Дарья-е Хазар» (Хазар теңізі) немесе «Дарья-е Комаль» (Солтүстік теңіз), «Гиркан» (Гирканияда), «Абескун» (Абескундіктер), «Хазар» (Хазарлықтар), «Ақ теңіз» (түркітілдес тайпалар), «Баку» (Бакуліктер), «Хвалын» (хвалын, славян, орыстар) және т.б (Бартольд және т.б., 2002.).

З.М. Буниятов пен Н.М.Велиханова сынды ғалымдар ортағасырлық араб деректерінде Каспий теңізі туралы бай тарихи-географиялық мәліметтер бар екендігін, араб географтарының зерттеулеріне ежелгі грек зерттеу дәстүрінің ықпалы болғандығын атап өтеді. Аталған зерттеуде авторлар ортағасырлық араб дереккөздеріндегі Каспий теңізінің атауы турасында бірқатар мәліметтер келтіреді. Онда, мәселен: «Біз IX ғасыр авторларының Гиркан теңізіне грек авторларының қойған ежелгі Джуржан атауын пайдаланатындығын айтып өттік. X ғасырдан бастап Хазар атауы кең қолданылды. Ал-Мас'уди Каспий теңізіне жоғарыдағы бізге белгілі Хазар, Баб ал-Аббаб, Арминий, Азербайжан, Муган, ал-Джил, ад-Дайлам, Абаскун атауларымен қоса «Аджам теңізі» (Араб еместердің теңізі) атауын да қолданады. Сол уақыттан бастап, барлық араб географтары Каспийдің жаңа және ескі атаулары туралы айтса да, осы теңізге арналған тарауларға негізінен «ал-Хазар теңізі» деген атау берді. Йакут ал-Хамави Каспий теңізіне байланысты Хазар, Табаристан, Джурджан, Абаскун, Хорасан, Джил атауларымен бірге теңізге байланысты грек ғалымы Аристотель секілді Ирканийа (Гиркания-авт.) атауын да қоса көрсетіп өтеді. Ғалым Хамза Исфаханиге сілтеме бере отырып теңіздің көне парсыша атауы Зарах Акфуде немесе Акфудедарйа атауын келтіріп өтеді және теңіздің «Хорезм» деп аталған нұсқасын теріске шығарады. ... Кейінгі авторлардың ішінде Ибн ал-Варди жоғарыда аталған атаулардың қатарына «Бахр ал-атрак» (Түрік теңізі) атауын қосады» (Буниятов, 1988.).

XIII-XV ғғ. теңіздің солтүстік және шығыс жағалауларын түркі тілді көшпелі халықтар (хазар, оғыз, қыпшақ және т.б.) мекендеді.

XIII ғ. аяғында Дешті-Қыпшақ даласы арқылы Қытайға келген венециялық саяхатшы Марко Поло да Каспий теңізі туралы мәліметтер қалдырып, теңізді тұйық әрі шеңбер пішіндес су кеңістігі деп атап өтеді.

Каспий теңізі жөніндегі жоғарыда айтып өткен түсініктер XVIII ғасырға дейін батыс ғылыми әлемінде сақталып келді.

XVI ғ. ортасынан бастап Мәскеу мемлекеті тарапынан Каспийдің солтүстік жағалауын мақсатты түрде игеру мен зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. 1627 ж. патшаның нұсқауы бойынша орыс сызба материалдары негізінде «Үлкен сызба кітабы» құрастырылды. Аталған «Кітап ...Еуразияның тарихи географиясы бойынша біршама ақпарат береді. Онда Хвалын (Каспий-авт.) теңізі, Көк (Арал) теңіздері белгіленіп, «Хвалым (Каспий-авт.) теңізіне құятын» Жайық (Орал-авт.) өзені және басқа да географиялық нысандардың ара қашықтығы туралы мәліметтер берілген (Shayakhmetov және т.б., 2018.).

XVIII ғ. Каспий теңізін игеру мен зерттеу тарихындағы жаңа кезең болғандығы белгілі.

1722-1723 жж. Парсы елі мен Ресей арасындағы соғыстың нәтижесінде теңіздегі әскери-стратегиялық басымдық Ресей империясына көшті. Бұл император І Петрдың Ресейді солтүстіктен де, оңтүстіктен де әлемдік теңіз жолдарына шығаруды көздеген саясатының құрамдас бөлігі болатын.

Кейіннен Каспийде орыс геодезист-картографтарының гидрографиялық зерттеу жұмыстары басталды. 1720 ж. Ресей ғылым академиясы теңіз туралы алғашқы баяндамасын жарыққа шығарды. Сондай-ақ Ресей картографиялық ғылымының маңызды мұрасы – 19 картадан тұратын, 1745 ж. жарық көрген Ресей империясының Бірінші атласы «Ресей империясының Бас картасында» Хвалын (Каспий-авт) және Арал теңіздері белгіленді (Shayakhmetov, 2018.). Осылайша орыс ғалымдары мен әскерилері Каспий алабын кешенді зерттеуді XVIII-XIX ғасырлар бойы одан әрі жалғастырды.

XVIII ғ. алғашқы ширегінде Каспий теңізіндегі үстемдік үшін орыс-парсы мемлекеті арасында жүргізілген әскери қимылдар Парсы елінің жеңілуімен аяқталды. Осы соғыс әрекеттері нәтижесінде Парсы елі мен Ресей арасында 1723 жылы Санкт-Петербург, 1732 жылы Решт шарттары жасалды (Жильцов, 2018:69-70.).

1732 жылғы Решт келісім-шарты бойынша Ресей Каспий өңірінде Персия мен Ұлыбританияға қарағанда басымдыққа ие болды.

XVIII ғ. 30 жж. – XIX ғ. 30 жылдары аралығында Ресей империясы Каспиймен шектес аумақтың басым бөлігін, атап айтсақ, теңіздің далалық бөлігіндегі Қазақ хандығының Кіші және Орта жүздерін бағындырса, осы бағытта 1813 жылы Ресей мен Парсы елі арасында мәңгі достық пен бейбітшілік туралы Гүлстан келісіміне, 1828 жылы Ресей мен Парсы елінің арасында бейбітшілік, екі елдің бағыныштылары арасындағы сауда туралы Түркменшай трактаттарына қол қойылып, Кавказ халықтарының бір бөлігі мен солтүстік Әзірбайжан Ресей империясының құрамына енді (Жильцов, 2016: 117-118.).

XIX ғ. II жартысында Ресей Орта Азия хандықтарына, оның ішінде Батыс Қазақстан мен Түрікменстанның Каспийлік бөлігіне өз үстемдігін орнатты.

1828 жылдың 22 ақпанында Ресей мен Парсы елі арасында қол қойылған Түркіменшай келісімшарты құқықтық жағынан екі елдің сауда кеме қатынасын ретке келтіргенімен, Каспий теңізіндегі кеме қатынасы мен әскери флот ұстау мәселесінде Ресей империясының ғана айрықша құқықтарын бекітті. Аталған шарт 1921 жылға дейін қолданылды және осы кезеңде Каспий Ресей теңізі ретінде атала бастады.

1921 жылдың 26 ақпанында Мәскеуде Кеңестік Ресей мен Парсы елі арасында Каспийдің құқықтық мәртебесін ретке келтіруді көздеген жаңа Шартқа қол қойылды. Кеңес үкіметі мен Парсы елі арасындағы аталған шарт негізінде ең алдымен бұрынғы патшалық Ресей мен Парсы елі арасында жасалған барлық келісімдердің күші жойылғандығы туралы (1-бап) мәлімделді (Жильцов, 2016: 117-118.).

Жасалған жаңа шарт мазмұнының кейбір қайшылықты тұстарына қарамастан қарамастан, Парсы елінің XVIII-XIX ғғ. Ресей империясымен жасасқан шарттары бойынша Каспий теңізіндегі айырылып қалған әскери-стратегиялық әлеуеті салыстырмалы түрде қайтадан қалпына келтірілді. Біріншіден, Шарттың басты ұстанымы теңдік мұраттарына негізделді; екіншіден, шарттың талабы бойынша (3 бап) Парсы елі Ашурадех аралын өзіне қайтарды; үшіншіден, парсыларға Каспий теңізінде тең құқықтық жағдайда әскери флот ұстауға рұқсат берілді (11 бап); төртіншіден, 14-бап бойынша балық аулау саласында екі мемлекеттің тең құқықтары бекітілді (бұрын бұл құқықты тек Ресей тарапы иеленген болатын); бесіншіден, аталған шарт бойынша теңіз алабына үшінші елдердің енуіне тиым салынды (Жильцов, 2018: 66-203.).

Кеңестер Одағы тұсында Каспий теңізін пайдалануды реттеудің құқықтық құжаты 1940 жылы 25 наурызда Тегеранда КСРО мен Иран арасында қол қойылған сауда және теңізде жүзу Шарты болды. Аталған келісімге 1921 жылғы шарттың ұстанымдары негіз болды. 1940 жылғы шарт жасасқанға дейін КСРО мен Иран арасында Каспий теңізін бірігіп пайдалану мәселелерін реттейтін бірқатар мемлекетаралық құқықтық актілер қабылданғандығы белгілі (Жильцов, 2016: 119.). Осы жерде КСРО мен Иран арасындағы шарттар негізінде Каспий теңізінің халықаралық-

құқықтық мәртебесіне байланысты «кеңес-иран теңізі» ұғымы пайда болды. Аталған кезең Кеңестер Одағы мен Иран арасындағы өзара сенімге бағытталған қатынастардың орнауымен, екі тараптың Каспийдің минералдық және биоресурстарын тұрақты пайдалануымен сипатталады. Осылайша, Каспий екі ел арасында аумақтық сулары мен теңіз түбі құқықтық тұрғыда бөліске түспесе де, кондоминиум шарты негізінде пайдаланылатын теңізге айналды.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау тарихынан (1992-2018 жж.). 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы Каспий өңірінің саяси картасын түбегейлі өзгертті. Өңірде мүлде жаңа сападағы геосаяси жағдай қалыптасады. Каспий аймағы мүдделері аясында Иран мен КСРО-ның құқықтық мұрагерлері ретіндегі Ресейден басқа жаңа тәуелсіз мемлекеттер – Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан тарих сахнасына шықты. Осылайша Каспий мәселесіне ықпал етуді көздейтін жаңа тәуелсіз «ойыншылардың» пайда болуы теңіздің халықаралық–құқықтық мәртебесіне, оның энергетикалық және биоресурстарын пайдалануға қатысты ұстанымдарды қайтадан қарау қажеттілігін тудырды.

Осы тарапта жоғарыдағы кеңес-иран келісімдерінде теңіздегі табиғи ортаны қорғау мен теңіз түбі қойнауын пайдалану мәселелері құқықтық тұрғыда реттелмегендіктен Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан аталған шарттардың заңдық күшін қайта қарауды талап етті. Бұрын жасалған келісімдердің ешқайсысы бұл елдердің ұлттық та, саяси-экономикалық та мүдделеріне сай келмеген-ді. Бұл жерде теңіз жағасы елдерінің энергетикалық ресурстарды игеру мен пайдалану құқығын жүзеге асыруды шешуші мәселе ретінде қарастырғандығы анық. Сондықтан да Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындауға неғұрлым мүдделі Әзірбайжан мен Қазақстан теңіздің жаңа құқықтық мәртебесі туралы жобалары мен тұжырымдарын белсенді түрде ұсына бастады. Бұл белсенділікті ұлттық мүдде мен геостратегиялық саяси күрес жолындағы заңды әрі табиғи ұмтылыс ретінде қабылдау қажет. Бұл жерде мүдделі елдердің Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша ұстанымдарының халықаралық стандарттарға қаншалықты сай келетіндігі мен басқа елдер үшін қолайлылығы маңызды екендігі сөзсіз.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау мәселесіндегі Қазақстанның басты стратегиялық міндеті – Каспий аумағы мемлекеттері арасында халықаралық құқықтың жалпыға ортақ қағидаттары мен ережелеріне негізделген тұрақты әрі достық қатынастар орнату болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында посткеңестік жас мемлекеттерге өз мүдделерін қорғау мақсатындағы келіссөздер барысында саяси және дипломатиялық тәжірибесінің жоқтығы біршама қиындықтар тудырғанын атап көрсеткен абзал.

Каспий мәртебесін айқындау бойынша келіссөздерге тікелей қатысушы, белгілі қазақстандық дипломат В. Гизатов бұл мәселенің күрделілігін көрсете отырып, «Келіссөздерге қатысқан бес мемлекеттің ішінде ұстанымдары біздікіне қарама-қайшы болып табылатын Ресей және Иран сияқты салмақты елдер де болды» деп атап өтеді. Дипломаттың дерегіне сүйенсек, келіссөздердің бастапқы кезеңінде Ресей мен Иран басқа Каспий аумағы елдеріне кондоминиум мәртебесін қабылдату мақсатында іс-әрекеттер жасады және Ресей Кеңес Одағының мұрагері ретінде басқа Каспий аумағы елдеріне саяси қысым да жасаған (Гизатов, 2012.).

Деректерге қарағанда, келіссөздердің алғашқы кезеңінде Каспий теңіз бе әлде көл ме? деген сұраққа қатысты пікірталас неғұрлым өткір мәселе болған.

Мүдделі елдер арасында Каспийге қандай құқықтық ережелерді қолдану қажеттілігін шешу үшін Каспийдітеңіз немесе көл екендігінің ара-жігін ажырату маңызды болды. Бұл орайда Каспий тарихи тұрғыда да һәм лингвистикалық тұрғыда да «теңіз» ретінде аталатынын баса атап өтуге тиіспіз.

Каспий жағалауы елдерінің барлығының тілінде де, халықаралық тіл - ағылшын тілінде де (The Caspian Sea) Каспий «теңіз» ретінде қабылданады.

Геологтар Каспийге көл ретінде сипаттама бергенімен, құқықтанушылар аталған сұраққа байланысты бұған қайшы пікірде. Олар Каспий, бұл – жабық, алайда тұйық емес (немесе жартылай тұйық емес) теңіз немесе шекаралық (халықаралық) көл деген сияқты түрлі тұжырымдар мен пікірлер ұсынады. (аталған мәселе А.А. Салимгерей, Р.Ф. Мамедов, С.Б. Дьяченко, И.С. Зонн, С.С. Жильцов, С.А. Притчин, Е.С. Анянова және т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылады)» секілді көзқарастарын ұсынады.

Физикалық география тұрғысынан қарағанда теңіз – әлемдік мұхиттың бөлігі болып табылады. Мұхитпен табиғи су жолы арқылы байланыспайтын Каспий осы жағынан алып қарағанда теңіз емес, көл болып есептеледі. Сонымен бірге әлемдегі ең ірі тұйық суқойма болып есептелетін Каспийді теңіз ретінде қабылдауға оның көлемдік өлшемдері мүмкіндік береді. Бұған қоса Каспийде теңізге тән төмендегідей бірқатар белгілер бар: біріншіден, оның суы тұзды болып келеді, екіншіден, көлемі жағынан Азов сияқты бірқатар теңіздерден үлкен, Қара теңіз, Балтық, Қызыл, Солтүстік теңіздерімен шамалас (Шлямин, 1954.).

Су алабын «теңіз» ретінде жіктеудің негізгі талабы оның өзендер, бұғаздар немесе басқа да теңіздер арқылы әлемдік мұхитпен байланысының болуы. Аталған қағидат аясында қарастырсақ, Каспий Еділ-Дон каналымен одан әрі Азов немесе Балтық теңіздері арқылы Әлемдік мұхитпен байланысады.

Бұдан басқа, Үкіметаралық Мұхиттану комиссиясы да өсімдіктер мен жануарлар әлемінің ерекшеліктеріне, суының құрамын негізге ала отырып Каспийді теңіз қатарына жатқызады.

Ал Каспийді теңіз қатарына жатқызуды көздейтіндер қандай ережелерге сүйенген?

Бұл жерде Каспийдің халықаралық-құқықтық мәртебесі сөз болғандықтан, мамандар мен дипломаттардың сүйенетін негізгі құжаты ашық, жартылай жабық немесе жабық теңіздерге түсініктеме беретін 1982 жылғы Теңіз құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы (Әжиев, 2011: 230-231.). Конвенция бойынша Каспий теңізін ұлттық шекараларға, оның ішінде ішкі және аумақтық сулар, құрлықтық қайрандар мен айрықша экономикалық аумақтар деп бөлуге болатындықтан Каспийді теңіз ретінде қабылдауды Қазақстан белсенді қолдады.

Келесі ұстаным – бұл Каспийді шекаралық көл ретінде қабылдау ұстанымы. Көл - ашық теңізбен байланысы жоқ судың біртұтас жинақталған нысаны немесе тікелей теңізбен қосылмаған құрлықтар өңіріндегі суға толы дербес ойыстар. Алайда, Каспий теңізі өзінің көлемі және географиялық сипатамалары жағынан кәдімгі көлдерден ерекшеленеді. Соған қарамастан, Әзірбайжан Каспийді шекаралық көл қатарына жатқызуды жақтады. Елдің аталған ұстанымы Әзірбайжанның 1995 жылы ұсынған конвенция жобасынан көрінеді (ҚР ПА. 75-Н-қ., 1-т., 2644-іс., 20-п.).

Каспий теңізі қорын халықаралық су айдыны ретінде барлық каспийлік мемлекеттер бірігіп пайдалануды көздейтін ұстаным болды. Каспийді теңіз емес, құрлық ішіндегі бірегей суқойма деген ұстаным Ресей тарапынан қолдау тапты. Ресей Каспийді халықаралық құқық ережелері қолданылатын, екі немесе одан да көп жағалық мемлекеттердің қоршауындағы көл ретінде қабылдауды жақтады. Ресейдің аталған ұстанымы халықаралық теңіз құқығы ережелеріне сәйкес теңізге кондоминиум тәртібін енгізу мүмкін еместігіне байланысты пайда болды. БҰҰ-ның 1982 жылғы теңіз құқығы туралы Конвенциясына сәйкес Каспий алабы мен оның ресурстарына кондоминиум тәртібін енгізу қарастырылмаған болатын.

Түркіменстан Каспий теңізін ішкі суқойма-көл деп санады және оған теңіз құқығы ережелерін қолдануға болмайды деп есептеді. Елдің бұл ұстанымы 1921 және 1940 жылдардағы кеңес-иран келісімдеріне және Иран мен Ресейдің бастапқыдағы ұстанымдарына сай болды.

Ал Иран болса Каспийді теңіз де емес, көл де емес, жағалауындағы барлық мемлекеттерге ортақ тұйық суқойма деп санауды ұсынды. Бұл пікірталастар теңіз мәртебесіне қатысты келіссөздердің алғашқы кезеңінде орын алған-ды.

Ұзаққа созылған келіссөздер барысында Каспий жағалауындағы барлық мемлекеттердің Каспий мәселелері туралы көзқарастары мен ұстанымдары сапалық тұрғыда дамып, қайта қаралды немесе өзгерістер енгізіліп отырды. Бұл, біріншіден, Каспий теңізі жағалауындағы елдердің бір мәмілеге келуге деген табиғи ұмтылысына, екіншіден, аймақтағы геосаяси жағдайдың шиеленісуі және кейбір мемлекеттердің (АҚШ, Түркия, ЕО елдері, Қытай) амбицияларының географиялық ауқымының кеңею себебіне байланысты жүрді. Каспий мәселесінде ортақ тарихы мен тату көршілік қарым-қатынас аясында поскеңестік мемлекеттерге үлкен саяси-экономикалық ықпалы бар Ресейдің ұстанымына көп нәрсе байланысты болды. Ресейдің Каспий мәртебесіне қатысты саяси-құқықтық позициясының эволюциясына зер сала қарағанда, келіссөздердің бастапқы кезеңінде Ресейдің қатаң әрі бір жақты саясатты таңдағанын және оның ұстанымы жағалаудағы Ираннан басқа елдердің мүдделеріне толығымен қайшы келгендігін көруге болады. Ресей жаңа әрі тәуелсіз Каспий жағалауы елдерінің қалыптасу кезеңінде оларға деген бұрынғы ықпалын сақтап қалуға және басқа мемлекеттерді Каспийдің табиғи ресурстарына қол жеткізуіне жол бермеуге бағытталған саясат ұстанды. Соған сәйкес Каспийдің энергетикалық ресурстарын игеру құқығына ие бірлескен акционерлік мұнай компаниясын құру ұсынысын жасады. Бұл ұсынысқа Иран қолдау білдірді.

Дипломат В. Гиззатовтың мәліметіне қарағанда, Ресей мен Иран сол кезеңде кондоминиум, яғни теңізді бірлесіп пайдалану мен иелену, мұнай компаниясын құру жолында барынша белсенді қимылдар жасап, Каспийдің құқықтық мәртебесін алдын-ала шешуге әрекет жасады... Ресей мен Иранның басқа Каспий жағалауы мемлекеттерімен салыстырғандағы қаржылық және техникалық мүмкіндіктерін ескерсек, бұл Қазақстан үшін Каспийдегі көмірсутегі қорларын жоғалтуды білдіретін еді (Гиззатов, 2012.).

Сонымен бірге, Ресейдің бастапқы ұстанымы Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтағанша теңіз жағасындағы елдердің 1921 және 1940 жылдардағы орыс/кеңес - парсы/иран келісімдерінің құқықтық ережелерін басшылыққа алуын қалағандығымен ерекшеленді. Ресей сондай-ақ Әзірбайжан, Қазақстан және Түркіменстаннан ТМД-ға мүше мемлекеттер ретінде 1991 жылдың 21 желтоқсандағы Алматы Декларациясы бойынша Достастыққа мүше мемлекеттердің КСРО-ның бұрынғы міндеткерліктері мен шарттарынан туындайтын халықаралық міндеттемелерді орындауға келісім беруіне сәйкес, Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша да кеңестік келісімдердің құқықтық мұрагерлігін растауын талап етті (Зонн, 1999.).

Ресей мен Иранның тұжырымдамалары Әзірбайжан мен Қазақстанның мүдделеріне қайшы келгендіктен аталған екі мемлекет мәселені шешудің балама жолдары мен тұжырымдарын белсенді ұсына бастады.

Қазақстан Каспийді тұйық теңіз ретінде қарастырып, жағалық мемлекеттердің әрқайсысына теңіздегі өздерінің экономикалық аумақтарындағы жер қойнауы, кен, аумақтық су және т.б. егемендік құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін 1982 жылғы халықаралық теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ Конвенциясының ережелерін қолдануды ұсынды.

Осылайша, Қазақстан мен Әзірбайжан Каспийді ұлттық бөліктерге немесе ұлттық экономикалық аумақтарға бөлуді талап етті (ҚР ПА. 75-Н-қ., 1-т., 2644-іс., 20-п.). Бұл мәселе бойынша Ресей өз ұстанымын 1994 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы елшілігіне жолдаған РФ СІМ-нің нотасында анық көрсетті. Дипломатиялық құжатта Әлемдік мұхитпен табиғи байланысы жоқ Каспий теңізіне халықаралық теңіз құқығы ережелерін қолдану негізсіз деп атап көрсетілді. Сондай-ақ, 1994 жылы қазанда Әзірбайжанның шетелдік компаниялармен жасасқан «ғасыр шартына» байланысты РФ Сыртқы істер министрлігі БҰҰ Бас Ассамблеясына Каспийге байланысты біржақты іс-әрекеттердің заңсыз екендігін және оларды Ресей Федерациясының мойындамайтындығы туралы ескертілген құжат жолданды. Дегенмен бұл мәлімдеме сөз күйінде қалды. Оған қоса, ресейлік «Лукойл» компаниясы жоғарыдағы келісім-шарттың қатысушысы болып енді (Притчин, 2015: 48.).

Осындай пікірталастар мен келіспеушіліктер барысында АҚШ, Түркия және басқа да күштер Каспийге байланысты өздерінің сыртқы саяси бағыттарын батыл жүргізе бастады. АҚШ, Түркия және ірі трансұлттық мұнай компаниялары Каспийді ұлттық бөліктерге бөлуге негізделген Әзірбайжан мен Қазақстанның ұстанымын қолдап, осы мәселеге деген мүдделілік танытты. Осыған байланысты, 1990 жылдардың аяғында Ресей АҚШ пен басқа елдердің өңірдегі саяси ықпалының нығаюына жол бермеу мақсатында өз ұстанымына өзгерістер енгізіп, Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша түбегейлі жаңа көзқарасқа көшті.

Қатаң әрі біржақты саясаттан ымыраға келу жолына бет бұрған Ресей Қазақстан мен Әзірбайжанның теңіз түбі мен табиғи қорларын халықаралық құқықтық тәжірибедегі (көлдік ұстаным негізінде) ортаңғы сызық әдісі бойынша бөлу ұстанымын қолдады. Бұл әдіс бойынша су кеңістігі мен теңіздің биологиялық ресурстарын ортақ қолданыста қалдыру (теңіз құқығының бейімделген қағидасы бойынша) негізделді.

Ресейдің жаңа ресми ұстанымы 1998 жылдың қаңтарында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында Каспий түбін әділ бөлу жағдайында мәмілеге жету үшін кемемен жүзу еркіндігі, балық аулаудың келісілген ережелері мен қоршаған ортаны қорғауды қоса алғандағы су кеңістігін ортақ пайдалануды жүзеге асыру арқылы мәмілеге қол жеткізуге болатындығы айтылған Біріккен мәлімдеме жарияланды (Жильцов және т.б., 2003: 77.).

Осылайша, 1998 жылы 6 шілдеде Мәскеуде екі ел жетекшілері «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларация» (Қазақстан Республикасы, 1998а) және «Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы» Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Келісімге және 2003 жылы 13 мамырда аталған Келісімнің Хаттамасына қол қойды (Қазақстан Республикасы, 1998б.). Келісім аясында Ресей мен Қазақстан Каспийдің солтүстік бөлігін бөлуді геологиялық құрылымдарды, аралдар мен басқа да ерекше жағдайларды есепке ала отырып жетілдірілген ортаңғы сызық бойынша жүргізуге уағдаласты. Мәмілелік негіздегі аталған саяси қадам Каспийдің құқықтық мәртебесі мәселесіндегі жаңа бетбұрысқа жол ашты. Сонымен бірге, Ресей мен Қазақстан арасында «Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы» Келісімнің жүзеге асуы заңдық тұрғыдан жоғарыда аталған 1921 және 1940 жылдардағы Шарттардың күшін жойғандығын білдіретін еді.

Әзірбайжан тәуелсіздік алғаннан бастап Каспийді ұлттық аумақтарға бөлу туралы ұсынысына берік болды. Бұл ұстаным Әзірбайжан ұсынған Каспий мәртебесі туралы Конвенция жобасында да айқын көрініс тапты. Әзірбайжанның осындай батыл ұстанымда болуы энергетикалық ресурстарды игеруге шетелдік инвестиция тарту мақсатында 1994 жылы Бакуде ірі трансұлттық компаниялармен жасасқан «ғасыр шартымен» тығыз байланысты еді. Соған сәйкес Әзірбайжанның сол тарихи кезеңдегі президенті Г. Әлиев «Әзірбайжан Каспий мұнайын кеңестік кезеңде де өндірді және болашақта да Каспийдің кез-келген құқықтық мәртебесі мен қалыптасатын кез-келген саяси жағдайда да мұнай өндіруін жалғастыра береді» деген мәлімдеме жасады (ҚР ПА. 75-Н-қ., 1-т., 2644-іс., 20-п.).

Сонымен қатар, Әзірбайжан Каспийдің құқықтық мәртебесіне арналған геостратегиялық бағыты мен теңіздегі ұлттық бөлігін ел аумағына енгізгені туралы 1995 жылы қабылдаған Конституциясында заңды түрде бекітті. Конституция бойынша Каспий теңізінің су қабаты, беті және әуе кеңістігі Әзірбайжанның ұлттық бөлігі болып танылды.

Каспийдің құқықтық мәртебесі жөніндегі Ресей ұстанымының өзгеруі және РФ мен ҚР арасында 1998 жылғы жоғарыда аталған Келісімнің жүзеге асуы Әзірбайжанның да саясатының жұмсаруына ықпалын тигізді. Көп ұзамай Әзірбайжан да өзінің осыған дейінгі ұстанымын қайта

қарап, теңізді бөлудің ресейлік-қазақстандық келісім жолын қолдайтындығын білдірді.

Осылайша бұрын Каспийдің түбін, суы мен әуе кеңістігін бөлу ұстанымындағы Әзірбайжан теңіз түбін ұлттық секторларға бөлу, ал су кеңістігін ортақ пайдалану тәртібін қабылдады. Нәтижесінде 2001 жылы қаңтарда Ресей Президентінің Әзірбайжанға ресми сапары аясында екі ел арасында «Каспий теңізіндегі әріптестік принциптері туралы» біріккен мәлімдеме қабылданды. Аталған мәлімдемеде Әзірбайжан мен Ресей арасында саяси мәмілеге қол жеткізілгендігі атап өтілді. 2002 жылдың 23 қыркүйегінде Ресей Федерациясы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбінің шектес аумақтарын бөлу туралы Келісімге қол қойылды.

2001 жылы 29 қарашада Мәскеуде өткізілген ТМД саммиті аясында Әзірбайжан мен Қазақстан басшылары Каспий теңізі түбін шектеу туралы Келісімге қол қойды (Хаттамасы 2003ж. 27 ақпанында жасалды) (Қазақстан Республикасы, 2001.). Ал, 2003 жылы 14 мамырда Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы Келісімге қол жеткізді. Осылайша, құқықтық тұрғыда Каспий теңізінің солтүстік аумағын Ресей, Әзірбайжан және Қазақстан арасындағы ұлттық бөліктерге бөлу аяқталды және аталған келісімдер арқылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция жобасына тұжырымдамалық негіз қаланды.

Түркіменстан Қазақстанның Каспий мәселесіне байланысты ұстанымдарын жақтайтындығын байқатқанымен, саяси себептерге байланысты өз ұстанымын түпкілікті айқындап, көзқарастарын ашық білдіруден бас тартқан әрі Каспий теңізі мәртебесі туралы Конвенция жобасын ұсынбаған теңіз жағалауындағы жалғыз ел. Түркіменстанның аталған саясатын біріншіден, елдің бейтарап ел ретіндегі мәртебесімен; екіншіден, Әзірбайжанмен арадағы Кияпаз (түркімен тарапы – Сердар деп атайды – авт.), Чираг (Осман), Азери (Омар) секілді таласты кен орындарының болуымен байланыстыруға болады. Түркіменстан сондай-ақ, келіссөздер кезеңінің басында-ақ таласты кен орындарының кімдерге тиесілі екендігін шешіп алғанға дейін Каспий теңізінің мәртебесі бойынша келісімге қол қоюға қарсылығын білдірді. 1997 жылы 27 ақпанда Түркіменстан мен Қазақстан Президенттері екі жақты келіссөздер барысында Каспий теңізін ұлттық секторларға бөлу ұстанымын қолдайтындығы туралы мәлімдеме жасады. Бұл кезеңде Каспийдің әрбір ұлттық бөлігіндегі энергетикалық ресурстарды игеру үшін шетелдік инвестиция кеңінен тартылып жатқан еді.

Алайда, Иран және Ресеймен жүргізілген екіжақты байланыстардан кейін Түркіменстан Каспийді ұлттық секторларға бөлу қағидатымен бірге теңіз түбін бөлу және су бетін ортақ пайдалануды көздейтін кондоминиумның қолданылу мүмкіндігіне де қарсылық білдірген жоқ. Кейінірек, 2014 жылдың 2 желтоқсанында Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан арасындағы Солтүстік Каспий түбін ұлттық секторларға бөлу туралы Келісім тәжірибесі негізінде Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісім жасалынды (ол 2015 жылы 31 шілдеде күшіне енді). Бұл келісімдер ресейлік маман А. Качалова атап көрсеткендей, теңіз ресурстарын бөлудің «солтүстік» моделінің өміршендігін ғана емес, экономикалық және саяси тұрғыда да оңтайлы екендігін растады (Качалова, 2019.). Осылайша, Түркіменстан ортаңғы сызық негізіндегі «теңіз түбі – бөлек, су кеңістігі – ортақ» тәсілін Каспий мәртебесін анықтаудағы тиімді әрі әділ нұсқа деп мойындады.

Иран болса Каспий мәселесінің кемемен жүзу, балық аулау, экология және басқа да мәселелері бойынша барлық теңіз жағалауы елдерінің, оның ішінде Қазақстанның да ұстанымдарын қолдайтынын білдірді. Дегенмен, осы жерде Ресей мен Иранды бір-біріне жақындасуға итермелеген өте маңызды геосаяси фактордың бар екендігін атап өткен жөн. Бұл - олардың әсіресе, АҚШ және басқа да елдердің Каспийді өздерінің стратегиялық мүдделерінің

аймағына енгізу ұмтылысына қарсы тұрудағы мақсат ортақтығы болатын. Сондықтан да Иран алғашқыдан-ақ Каспий теңізінде кондоминиум (ортақ басқару) тәртібін енгізуді талап етті.

Сонымен бірге, минералдық ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша да бір жағынан Әзірбайжан/Қазақстан, екінші жағынан Ресей/Иран ұстанымдары арасында түбегейлі қайшылықтар мен келіспеушіліктер орын алды.

Бұл мәселедегі пікір қайшылықтары Ресей мен Иранның Каспий елдерінің минералдық ресурстарға қатысты ұлттық құзіреттіліктерін теңіз жағалауымен ғана (10-30 теңіз милі) шектеуді талап етуінен туындады. Бұл талап бойынша теңіздің қалған бөлігі мен оның түбін ортақ пайдалану, энергетикалық және минералдық ресурстарды игеруді барлық теңіз жағалауы елдерімен келісу арқылы ғана жүргізуі тиіс еді. Сол кезеңде Қазақстан да, Әзірбайжан да Каспийді ұлттық бөліктерге немесе ұлттық экономикалық аймақтарға бөлу ұстанымын қолдап (ҚР ПА. 75-Н-қ., 1-т., 2644-іс., 20-п.), Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы мәселені кондоминиум негізінде шешу әрекетіне батыл қарсы шықты (Гиззатов, 2012.).

1998 жылы Ресей мен Қазақстан Каспий теңізі түбін бөлу бойынша ортақ келісімге келгендігін жариялағаннан кейін Иран Каспий теңізі бойынша жасалған кез-келген екі жақты келісімдердің мойындалмайтыны туралы мәлімдеді.

Иран өзінің ұлттық әрі аймақтық қауіпсіздігі мүддесіне сәйкес Каспийді бейбіт теңіз деп жариялады. 1998 жылы 10 ақпанда Иран сыртқы істер министрі Камаль Харрази Каспий теңізінің дамуы мен қауіпсіздігін мәңгілікке қамтамасыз етуіміз үшін теңізді «әскерилендірілмеген және саясаттандырылмаған» деп жариялауымыз қажет. Иран Ислам Республикасы Каспий теңізі бойынша жасалған кез-келген екі тарапты келісімдердің «күші жоқ» деп есептейді және Каспий елдерінің ешқайсысы басқа Каспий маңы мемлекеттерінің мүдделеріне зиян келтірмеуі тиіс, деп мәлімдеді (ҚР ПА. 75-Н-қ., 1-т., 4531-іс. 50-п.).

Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан арасындағы Каспийдің солтүстік бөлігін бөлісу туралы келісімдерге қарсы болған Иран теңізді ұлттық аумағы жағынан тепе-тең үлестерге бөлу қағидасын, яғни әр елге 20%-дан бес бөлікке бөлуді ұсынды. Иранның бұл ұсынысының объективті себебі бар еді. Өйткені, Иранның жағалық бөлігі басқа Каспий маңы елдерінің жағалауынан қысқа екендігі белгілі.

Каспийді жағалық тиесілік қағидатымен бөлген жағдайда Ресейге 18,7%, Қазақстанға - 29,6%, Әзірбайжанға - 19,5%, Түркіменстанға - 18,4%, Иранға - 13,8% үлестен келеді. Сондықтан ұлттық жағалау бөліктері бойынша алғанда Каспий теңізінің шамамен 14% үлесі бар Иранның тепе-тең бөлу қағидасыны қорғағаны оның ұлттық мүддесі тұрғысынан алғанда түсінікті-тін.

Каспий теңізі мәртебесін анықтау бойынша келіссөздер барысында жағалау елдерінің кеме қатынасы, балық аулау, теңіз экологиясын қорғау және т.б. мәселелерді құқықтық реттеу бойынша ортақ ұстанымдар мен көзқарастар қалыптаса бастаған болатын. Қалыптасқан принциптік емес келіспеушіліктердің дені кейіннен өзара келісімдер арқылы реттеле бастады.

Пікірталастар мен мүдделер қайшылығын тудырған негізгі сұрақ - жоғарыда аталған теңізді бөлу немесе ортақ пайдалану мәселесі еді.

Нәтижесінде шектес және қарама-қарсы орналасқан елдердің арасындағы екі немесе үш тарапты келісімдері барысында Каспий теңізін бөлу үшін модификацияланған ортаңғы сызық бойынша жүзеге асыру әдісі тиімді деп алынып, құқықтық тәжірибеге енгізілді.

Уағдаласушы тараптар модификацияланған орта сызық әдісі негізінде су кеңістігін ортақ пайдалануда, кеме қатынасы еркіндігін қамтамасыз етуде, балық аулаудың келісілген нормалары мен қоршаған ортаны қорғау, теңіз қайраңы мен қойнауын пайдалануға өздерінің егемендік құқықтарын анықтады.

Ресейлік мамандар аталған әдістің мәмілелік сипаты турасында ортаңғы сызықтың әрбір нүктесі әр елдің жағалауындағы соған сәкес келетін нүктеге дейінгі тең қашықтықты білдіреді, деп атап көрсетеді.

Модификацияланған ортаңғы сызық тараптардың жағалауларынан тең қашықтықта орналаспаған бөліктерді де қамтиды. Ортаңғы сызық теңіз ортасындағы аралдарды, геологиялық ерекшеліктерді де есепке ала отырып айқындалады. Ортаңғы сызықты айқындау барысында егер геологиялық шығындар болған жағдайда, ол да ескеріледі. Ортаңғы сызық модификациясы әділеттілік қағидаты мен тараптардың келісімі негізінде жүзеге асырылды. Модификацияланған ортаңғы сызық әдісі өзара келісілген жағдайда әдеттегі орта сызықтан ауытқып, қандай да бір тараптың пайдасына шешуге мүмкіндік береді. Ортаңғы сызық модификациясы ең аз үлесі бар мемлекеттердің де мүдделеріне жауап берді. Сондықтан бұл әдістің мәмілелік әлеуеті жоғары болып саналады (Жильцов және т.б., 2003, 78-79.).

Каспий жағалауының бірқатар елдері үшін модификацияланған ортаңғы сызық әдісі неғұрлым қолайлы деп танылғаннан кейін Иранның ұстанымы да осы тәсіл жағына өзгерді. Аталған әдіс Каспий теңізін бөлуде негізге алынуы тиіс ортақ қағидаға айналды. Иранның теңізді модификацияланған ортаңғы сызық бойынша бөлуге жалпылама келісуі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның қорытынды нұсқасын мақұлдаудағы маңызды саяси қадам болды.

Алайда, Әзірбайжан мен Иран, Түркіменстан мен Әзірбайжан арасындағы даулы кен орындарына қатысты келіспеушіліктер мен жанжалдар Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтауда үлкен кедергі тудырғаны анық.

Теңіздің оңтүстігіндегі Эльборз/Алов-Араз-Шарг кен орнының кімге тиесілі екендігіне байланысты Иран тарапы наразылық білдірді. Даулы жағдай Иранның теңізді жағалаудағы әрбір елдің 20%-дық тең үлесі негізінде бөлуді талап еткен ұстанымына байланысты қалыптасты. Иранның аталған ұстанымды жүзеге асыра бастауы өз кезегінде Түркіменстанның, әсіресе Әзірбайжанның тарапынан наразылық тудырды. Бұл 2001 жылы Эльборз/Алов-Араз-Шарг кен орны маңында Иран мен Әзірбайжан арасындағы әскери қақтығысқа алып келді.

Жоғарыда атап өткендей, Түркіменстан мен Әзірбайжан арасында Кияпаз (Сердар), Чираг (Осман), Азери (Омар) кен орындары бойынша даулы мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Кияпаз (Сердар) Әзірбайжан мен Түркіменстан арасындағы теңіздің ортаңғы сызығында орналасса, Әзірбайжан ExxonMobil, British Petroleum және т.б. әлемге белгілі мұнай өндіруші компанияларды тарту арқылы Чираг пен Азери кен орындарын игеруді жүзеге асырып отыр. Зерттеушілер Кияпазға (Сердар) талас теңіздің жағалауы мен ортаңғы сызықтары және ұлттық аумақтарды айқындауға әсерін тигізіп отырған Каспий теңізі су деңгейінің ауытқуынан туындаған жағдай деген пікір білдіреді (Shafiyev, 2013.).

Өкінішке орай, бұндай алауыздықтар әлі күнге дейін өз шешімін таппай келеді. Осылайша, жағалаудағы үш мемлекет арасындағы талас көмірсутек қоры кен орындарын барлау мен игеруге, теңіз табаны арқылы магистральды құбыр желілерін тартуға және өз кезегінде теңіздің құқықтық мәртебесін айқындаудағы келіссөздерге кедергі келтірді.

Осы турада Каспий теңізіндегі қандай да бір даулы мәселені шешетін жол бар ма? деген сұрақтар туындайды. Бұл жерде әрбір таласты жағдайдың өзіндік тарихы мен бірегей ерекшеліктері бар екендігін айтуға тиіспіз. Олардың әрқайсысы арнайы зерттеу мен жан-жақты сараптауды талап ететін мәселелер.

Бұл орайда даулы мәселелерді шешу бойынша ықпалды мемлекет саналатын Ресей сол жерді алуға үміт еткен тараптың даулы жерді игеруді бастаған тарапқа сол жерді барлау мен игеруге кеткен шығындардың жартысын қайтаруы мен аталған жерлердегі жұмыстарға қатысу құқын иелену арқылы даулы кен орындарын «50:50» қағидасымен бөлу ұстанымын оңтайлы жол ретінде ұсынды.

Жалпы алғанда, аталған тәсілді қолдану даулы кен орындарындағы қарама-қайшылықты сұрақтарды шешуге ықпалын тигізіп, мүдделі мемлекеттердің ұстанымын жақындатуға

мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан арасында Каспийдің солтүстік бөлігін бөлу бойынша даулы мәселелерді шешудің оң тәжірибесі бар екені белгілі.

Бұл тұрғыда ресей ғалымы А. Качалова «...Солтүстік Каспийде мүдделі тараптар халықаралық құқықта жалпыға бірдей қабылданған қағидаларға (мысалы, ортаңғы сызыққа) байланысты ғана емес, сонымен қатар кен орындарының орналасуы, оларды бірлесіп немесе жеке дара игеруге ұмтылу секілді «жасырын» себептердің тұтас қатарын және т.б. келісімдерге келді» және ынтымақтастықты дамытудағы осындай тәжірибенің қолданбалық маңызын ескеру мақсатында «Ресей тарапы болашақта теңіздің оңтүстік бөлігін реттеу кезінде осы әдісті үлгіге алуға шақырады. Бұл даулы кен орындарының қай тарапқа тиесілігі туралы екі жақты келіссөздердің әсерінен Конвенцияның бекітілуінің ұзаққа созылу ықтималдылығын болдырмауға мүмкіндік берер еді» (Качалова, 2019: 5) деп, атап көрсетеді.

Келіссөздер барысында Каспий жағалауы елдері уақыт талабына сай бірте-бірте Каспий теңізіндегі қауіпсіздік пен өзара ынтымақтастық орнату бағытында ұлттық және өңірлік мүдделерінің тепе-теңдігін табуға қол жеткізе алды. Жалпы, мәмілеге келу үшін теңіз жағасы елдері кейбір талаптары мен ұстанымдарынан бас тартуы да тиіс болатын. Осылайша, саяси келісім мен өзара сенім қағидаттары арқылы теңіз жағалауы елдері арасында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның негізгі ережелері бойынша мәмілеге қол жеткізілді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның жобасын әзірлеу мен соның аясында туындайтын мәселелерді реттеу мақсатында Каспий жағалауы мемлекеттері: 1992-1996 жылдары сыртқы істер министрлері орынбасары деңгейіндегі 5 кездесу; 1996-2018 жылдары әрбір каспийлік ел аумағында кезектесе отырып, сыртқы істер министрлері орынбасарлары деңгейінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны әзірлеу бойынша Арнайы жұмыс тобының 52 мәжілісін; Сыртқы істер министрлерінің 7 кеңесін (1996 ж. 11-12 қараша – Ашхабад (Түркіменстан), 2004 ж. 6 сәуірде Бакуде (Әзірбайжан), 2007 ж. 20 маусымда Тегеранда (Иран), 2014 ж. 22 сәуірде Мәскеуде (Ресей), 2016 ж. 12-13 шілдеде Астанада (Қазақстан), 2017 ж. 4-5 желтоқсанда Мәскеуде (Ресей), 2018 ж. 11 тамызда Ақтауда (Қазақстан); Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының 5 саммитін (2002 ж. 23-24 сәуір – Ашхабад (Түркіменстан), 2007 ж. 16 қазанда - Тегеранда (Иран), 2010 ж. 18 қарашада - Бакуде (Әзірбайжан), 2014 ж. 29 қыркүйекте - Мәскеуде (Ресей), 2018 ж. 12 тамызда Ақтауда (Қазақстан) өткізді.

2018 жылы 18 тамызда Ақтауда (Қазақстан) өткен Бесінші Каспий саммиті нәтижесінде Әзірбайжан, Қазақстан, Иран, Ресей және Түркіменстан жетекшілері Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны мақұлдады (Конвенция, 2018.). Аталған құжат Каспий теңізіне, соның ішінде теңіз суы, қойнауы, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігіне байланысты тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтап, реттеуде негізге алынуы тиіс халықаралық келісімшарт болып саналды. Қабылданған Конвенцияға сай Каспий бірегей суқойма болып танылды. Алайда шарттың 7-бабы бойынша Каспийдің су кеңістігіне қатысты БҰҰ-ның 1982 жылғы теңіз құқығы Конвенциясының ережелерін қолдану ұйғарылды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі З.А.Аманжолова халықаралық теңіз құқығының қолданыстағы ережелері Каспийге бейімделіп, теңіздің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция мәтініне енгізілді (Аманжолова), - деп атап өтті. Сонымен бірге, Конвенция теңіздің аумақтық су көлемін 15 миль ендікте, ал қосымша балық аулау аймағын 10 мильдік ендікте белгіледі. Балық аулау аумағынан тыс су аумағы ортақ су кеңістігіне жатқызылды. Бұл жердегі маңызды мәселе - Конвенция бойынша аумақтық судың сыртқы шекарасы мемлекеттік шекара мәртебесін алды. Ал 8-бап бойынша секторлық қағидат жағалауы екі немесе одан да көп елдерге тиесілі көлдерге қолданылатын әдіске сай Каспийдің түбі мен қойнауын бөлуге байланысты қолданылатын болды.

Конвенциядағы Каспий теңізінде өңірден тыс елдер мен әскери блоктардың болмайтыны туралы ереже шешуші маңызға ие болды. Конвенцияның 3-бабының 6-шы тармағында тараптарға тиісті емес Қарулы күштердің Каспий теңізінде болмауы туралы айтылса, 7-ші тармағында әрбір тараптың теңіз аумағын басқа тарапқа қарсы агрессия немесе басқа да әскери қимылдар жасау үшін басқа мемлекеттерге бермеу тәртібі белгіленді.

14-бапқа сәйкес, тараптардың экологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып теңіз түбінде магистральды құбырлар мен кабельдер жүргізу мүмкіндігін иелене алатындығы айтылды.

Қазақстан үшін, әсіресе тараптардың Каспий теңізі арқылы басқа теңіздерге, әлемдік мұхитқа еркін қол жеткізуге құқығы бар, яғни тараптар басқа тараптардың (Каспий елдерінің – авт.) аумағында барлық көлік құралдары мен транзит еркіндігін пайдалана алады деп белгіленген 10-баптың 4-тармағы айрықша мәнге ие болды.

Конвенцияда ықтимал экологиялық қауіп-қатерлер мен Каспий теңізінің қоршаған ортасы мен биологиялық алуандықты қорғауға баса назар аударылып, теңіздің нәзік экологиясы барлық тараптардың қорғауына алынатын болды.

Сонымен бірге, Конвенцияның барлық ережелері толыққанды жұмыс істеуі мен орындалуы мақсатында барлық тараптар Каспий мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобын, яғни бестарапты тұрақты кеңесші рөлін атқаратын арнайы институт құруға уағдаласты. Бұл жұмыс тобы жағалау елдерінің сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары / өкілетті өкілдері деңгейінде қызмет атқаратын болып келісілді.

Сонымен, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы қабылданған Конвенция теңіз жағалауы елдерінің өңірлік ынтымақтастығы жаңа құқықтық режимде жүзеге асыруға негіз болады. Зерттеуші С. Жильцов атап көрсеткендей, бұл іргетастың негізінде Каспий елдері арасындағы жаңа қарым-қатынас жүйесі қаланатын болады (Жильцов, 2019: 54-55.).

Қорытынды

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесінің тарихы өзіндік ерекшелікке ие мәселе екендігін көрсетті. Ғылыми әдебиеттер мен деректерге талдау Каспий теңізінің ежелгі дүниеден бастап көптеген халықтарға, саяхатшылар мен зерттеушілерге мәлім болғандығын айқындады. Сонымен бірге, аталған мәліметтерден теңіздің ресурстарын игеру, оны сауда және әскери мақсатта, кеме қатынасында пайдалану ежелгі дәуір тарихынан бастап XVIII ғ. дейін негізінен Персияның, XVIII ғ. бастап Ресей империясының ықпалында болғандығын көрсетеді.

XVIII ғ. бастап Каспий теңізі тарихында жаңа кезең басталды. Персия мен Ресей арасындағы соғыстардың нәтижесінде теңіздегі әскери басымдық Ресей империясына өтті. Осылайша, XVIII-XIX ғғ. Каспий теңізі және оған іргелес жерлер үшін Парсы, Ресей және Ұлыбритания (ішінара Германия, Франция) арасындағы әскери-стратегиялық текетірес өңірде Ресей империясы үстемдігінің нығаюымен аяқталды. Соның нәтижесінде Ресей Каспий теңізінің Персияға тиесілі оңтүстік бөлігінен басқа негізгі аумағына өз бақылауын орнатты. 1828 ж. Түркманшай шартына сәйкес Ресей Каспийде әскери флот жүргізу туралы ерекше құқыққа ие болды.

Ресей империясының Каспий теңізіндегі даусыз басымдығы 1921 жылға дейін созылып, осы жылы Персия мен Кеңестік Ресей арасындағы жасалған шартқа сәйкес жаңа қарым-қатынастың негізі қаланды. Жаңа шарт бойынша екі ел арасында әділдік, теңдік қағидасы қайтадан қалпына келтірілді. КСРО мен Иран арасындағы теңдік негізде жүзеге асырылған 1940 жылғы сауда және теңізде жүзу туралы Шартында екі елдің сауда және кемемен жүзуде тең мүмкіндіктерге ие болатындығы көрсетілді. Осылайша іс жүзінде Каспий теңізі «Кенес-Иран теңізіне» айналды.

КСРО ыдырағаннан кейінгі Каспий өңірінің саяси атласындағы түбегейлі өзгерістер мен теңіз алабындағы энергетикалық ресурстарды игеру үшін күрес әлемдік геосаясатқа елеулі әсер етті. Осындай жаңа геосаяси жағдайда тәуелсіз Каспий жағалауы елдері халықаралық құқықтың

толық субъектілері ретінде осы бірегей су айдынының құқықтық мәртебесін айқындау бойынша өз тұжырымдамаларын қалыптастыра бастады.

Каспий теңізін пайдалану және бөлу, оның минералдық ресурстарының әлеуетін пайдалану мәселелері бойынша жүргізілген келіссөздер аясында жағалау елдерінің ұстанымдарында айтарлықтай алшақтықтар пайда болды. Осы орайда, Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі бойынша көзқарастар мен ұстанымдарды мейлінше түйістірудегі барлық Каспий жағалауы елдерінің дипломаттары мен мамандарының, ғылыми-сарапшылық қауымдастықтың айқындаушы рөлі мен орасан зор жұмысын ерекше атап өтуге тиіспіз. Егер Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесінің тарихынан мәлімет беретін 80-ге жуық құқықтық актілер болған болса, оның 50-ден астамы 1992 жылдан кейін қабылданған.

Жалпы, Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау мақсатындағы 1992 ж. басталған мемлекетаралық жұмыстар мен келіссөздердің тарихын үш кезеңге бөлуге болады: 1992-1998 жж. I-кезең – жағалық мемлекеттердің арасында Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындау мақсатындағы пікіралмасулар тұжырымдамалық бағыттарды айқындаумен сипатталды. Келіссөздер басталғаннан кейінгі алғашқы маңызды шешімдер 1996 ж. қарашада Ашхабадта қабылданды. Каспий елдерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің қорытындысы бойынша Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны дайындауға арналған сыртқы істер министрлері орынбасарлары деңгейіндегі арнайы жұмыс тобын құру шешімі қабылданды.

1998 ж. 6 шілдеде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы келісімге келуі Каспий жағалауы елдерінің өңірлік ынтымақтастығының ортақ ұстанымдарын қалыптастырудың үлгілік бағытына алғышарт жасады.

1999-2010 жж. II-кезеңде – Каспий теңізі мәртебесі бойынша келісім жасасуға қажетті құқықтық базалық алғышарттар жасалды. Атап айтсақ, 1998-2003 жылдары Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан арасындағы екі жақты келісімдер негізінде Каспийдің солтүстік бөлігіндегі құқықтық құзіреттіліктер нақтыланды.

2003 ж. 4 қарашада тараптар Каспийдің экологиялық режимі мен биоресурстарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция» қабылданды (12.08.2007 ж. күшіне енді).

2002 ж. Ашхабадтағы I Каспий саммиті жоғары деңгейдегі кездесулер өткізуге алғышарт болса, 2007 жылы қазанда Тегеранда өткен II-Каспий саммиті нәтижесінде Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша ортақ саяси ұстанымдар нақтыланған Каспий елдерінің Декларациясы қабылданды.

Ал 2010 ж. Бакуде өткен III-Каспий саммитінде жағалау елдерінің басшылары Біріккен мәлімдеме қабылдап, Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім жасасуға қол жеткізді.

2011-2018 жж. III-кезең – Каспий елдері басшыларының Каспийдің қазіргі құқықтық жағдайы туралы ортақ ұстанымдарға келуімен және 2018 ж. 12 тамызда Ақтау қаласында (Қазақстан) Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны қабылдануымен сипатталады.

Аталған кезеңде, 2011-2012 жж. Каспий теңізінің табиғи ортасын қорғауға бағытталған «экологиялық сипаттағы» құқықтық құжаттарға қол қойды. Олар Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама және мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттама секілді құжаттармен бекітілді.

2014 ж. Астраханда өткен IV-Каспий саммитінде Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша негізгі ережелер келісілген саяси мәлімдеме жасалды. Бұдан басқа, Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісім, Каспий теңізінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы, Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім секілді бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Барлық Каспий елдері дипломаттарының, ғалым-сарапшыларының, мамандарының мақсатты және көп жылдық жүйелі жұмыстарының нәтижесі - 2018 ж. 12 тамызда V-Каспий саммитінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға қол қоюмен ерекшеленді.

Түйіндей айтқанда, Каспий Конвенциясының тарихи құндылығы мынада:

біріншіден, оның Каспий теңізіне қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі халықаралық-құқықтық құжат; екіншіден, мүдделі тараптардың Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекаралары айқындалды; үшіншіден, Каспий аймағындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің кепілі болатын құжат. Конвенция теңізді және оның ресурстарын пайдалануды құқықтық тұрғыда реттеп қана қоймай, Каспий өңіріндегі тұрақтылық пен бейбіт дамуды қамтамасыз етудің шешуші факторына айналуы қажет.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Аманжолова З.А. Правовой статус Каспия: значение Актауской конвенции // <https://e-cis.info/news/566/74047/> (03.05.2020).
- Бартольд В.В. Работы по исторической географии / В.В.Бартольд; [Подгот. к изд. О.Г. Большаковым; отв.ред. А.М. Беленицкий]. – [Перепеч. с изд. 1965г.]. Т. 3. – М.: Вост.лит., 2002. – С. 367; Мирзоев М.А. Имена на картах Каспия (из истории изучения и освоения). – 2-е изд., перераб. И доп. – СПб.: Недра, 1992. – С. 5-6; Геродот. История. Перевод и примечания Г.А.Стратановского. – М., «Аст-Москва», 2006. – С. 99; Бронштэн В.А. Клавдий Птолемей: II век н.э. М.: Наука, 1988. – С. 148; Бирмагамбетов А. Тайны географических названий. Астана: «Арман-ПВ», 2010. – С. 50; Ilyassova Zh.S., K. Tursun The Encyclopedia Of The Mamluk Epoch Al-Kalkashandi "Subh Al-asha Fi Sina 'Ti Al-Insha" As A Source On The National History (на казахском языке) // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая Серия «Исторические и социально-политические науки», 2019. - №1(60). - С. 291-299; Наджафова И. О роли Каспия в международной торговле (по Страбону) // «Дорога Страбона» как часть Великого Шелкового пути: Материалы Международной конференции (Баку, 28-29 ноября 2008 г.). – Самарканд-Ташкент: МИЦАЙ, SMI-ASIA, 2009. – С. 81-82; Shayakhmetov N.U., Baishov B.B. Some questions of the history of the Caspian sea in historical-geographic sources (на казахском языке) // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки», 2019. - № 1. - С. 281-290; Мамедов Р. Международно-правовой статус Каспийского моря: вчера, сегодня, завтра (вопросы теории и практики) // <https://ca-c.org/journal/cac-09-2000/19.Mamedov.shtml>; Можайская И. Ликбез по Каспию: введение в историю имени // <http://casp-geo.ru/likbez-po-kaspiyu-vvedenie-v-istoriyu-imeni/>.
- Батырь В.А. Сбалансированный современный особый международно-правовой статус Каспийского моря // Международная жизнь. №9 (154), 2019. с. 51-62.
- Бунятов З.М., Велиханова Н.М. Каспийское море в арабских источниках // Известия АН АзССР. Серия истории, философии и права. - 1988. - №2 // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Kavkaz/Kasp_more_ist/vved.phtml.
- Гиззатов В. «Легких переговоров не бывает» // <http://www.exclusive.kz/expertiza/politika/8586/>. 14.03.2012.
- Daniel Ryan Koslosky. Trans-Caspian Energy Relations In the Post-Soviet Era. Florida International Review Winter 2002; Akiner Sh. (Ed) The Caspian: Politics, Energy and Security. London and New York, "Routledge Curzon", 2004, pp.168-169; Tuncay Babalı Caspian Energy Diplomacy Since the End of the Cold-War.- Turkish Foreign Policy Institut, 2006. - 281 p.; Anyanova E. Legal Complications in the Caspian Sea II Kierkegaard S. (ed.) Legal Discourse in Cyberlaw and Trade. - Malta: International Association of IT Lawyers, 2009. - 681 p. - P. 512-527; Caspian security issues Conflicts, Cooperation and Energy Supplies edited by Marco Valigi Edizioni Epoké Novi Ligure (AL) – Italy.- 2014.- 178 p.; Çetin Özdemir Legal Status of the Caspian Sea and Perspectives of Littoral Countries over This Issue.- Marmara Üniversitesi, İstanbul Prof. Dr. Büşra Ersanlı January 15, 2014; Barbara Janusz-Pawletta The Legal Status of the Caspian Sea: Current Challenges and Prospects for Future Development.- Publisher: Springer-Verlag Berlin Heidelberg.- 2015.- 176 p.
- Дьяченко С.Б. Проблема правового статуса Каспийского моря // Московский журнал международного права, № 3, 1995; Барсегов Ю. Г. Каспий в международном праве и мировой политике. - М.: ИМЭМО РАН, 1998 ; Дарабади П. Кавказ и Каспий в мировой истории и геополитике XXI века: монография.-М.: Весь Мир, 2010.-216 с.; Темирбулатов А.М. Правовой статус Каспийского моря: позиции прикаспийских государств // Геополитика и безопасность.- 2011.- № 4 (16); Жильцов С.С., Зонн И.С., Ушков А.М. Геополитика Каспийского региона. – М.: Международные отношения, 2003. – 280 с.; Леухова М. Г., Пьянов А. Е. Проблема правового статуса Каспийского моря в отношениях прикаспийских государств в 1990 – 2000 гг. // Вестник КемГУ 2013 № 2 (54) Т. 3.- С. 235-240; Притчин С.А. Позиция России по международно-правовому статусу Каспийского моря и IV Каспийский саммит в Астрахани // Вестник Московского университета. Сер. 25: Международные отношения и мировая политика.- 2015.- № 1.- С. 44-65; Бекашев К.А., Бекашев Д.К. Современный международно-правовой режим Каспийского моря // Евразийский юридический журнал. Евразийский научно-исследовательский институт проблем права (Москва).- 2018.- № 9 (124).- С. 28-35

//<https://eurasialaw.ru/nashi-rubriki/yuridicheskie-stati>; Качалова А. Об особенностях переговорного процесса по Конвенции о правовом статусе Каспийского моря // *Международная жизнь*. - 2019. - №7 // <https://interaffairs.ru/jauthor/material/2211>; Батырь В.А. Сбалансированный современный особый международно-правовой статус Каспийского моря // <https://cyberleninka.ru/article/n/sbalansirovannyi-sovremennyyi-osobyi-mezhdunarodno-pravovoi-status-kaspii-skogo-morya/>.

Жильцов С. Политико-экономическое пространство на Каспии: новая конфигурация // *Международная жизнь*. - 2019. - №7 // <https://interaffairs.ru/jauthor/material/2211>.

Жильцов С.С., Зонн И.С., Ушков А.М. Геополитика Каспийского региона. - М., Междунар. отношения, 2003. - 276-с.

Жильцов С.С. Политика России в Каспийском регионе: монография / С.С. Жильцов. — М.: Аспект Пресс, 2016. - 240 с.

Зонн И.С. Каспий: иллюзии и реальность. М., Коркис, 1999. - 468-с.

Качалова А. Об особенностях переговорного процесса по Конвенции о правовом статусе Каспийского моря // *Международная жизнь*. - 2019. - №7 // <https://interaffairs.ru/jauthor/material/2211>.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 8 ақпандағы № 222-VI ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000222> (15.05.2020).

Каспий: международно-правовые документы / Сост. С.С.Жильцов, И.С.Зонн, А.Г.Костяной, А.В.Семенов. М.: Междунар. отношения, 2018. - 568 с.

Caspian-Sea//<https://www.britannica.com/place/Caspian-Sea> (16.05.2020.)

Конвенция Организации Объединенных Наций по морскому праву // Сборник документов по международному праву. Том II / Под общ. ред. К.К. Токаева. — Алматы: САК, 1998. — 504 с.; Сборник документов по международному праву. Том IV / Под общ. ред. Е.А. Идрисова. — Алматы: САК, 2001. — 528 с. // http://mypoliticstyle.blogspot.com/2009/08/blog-post_774.html; Соглашение между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о разграничении дна северной части Каспийского моря в целях осуществления суверенных прав на недропользование (Москва, 06.07.1998 года), ратифицированное Законом Республики Казахстан от 14.11.2002 года № 356-ІІ; Совместное заявление президентов Российской Федерации и Республики Казахстан, подписано в г. Москве 6 июля 1998 г. // *Дипломатический вестник*. 1998. № 8; Соглашение между Республикой Казахстан и Азербайджанской Республикой о разграничении дна Каспийского моря между Республикой Казахстан и Азербайджанской Республикой, совершенное в г. Москве 29 нояб. 2001 г. // *Ведомости Парламента Республики Казахстан*. - 2003. - № 14; Соглашение между Республикой Казахстан, Азербайджанской Республикой и Российской Федерацией о точке стыка линий разграничения сопредельных участков дна Каспийского моря, совершенное в г. Алматы 14 марта 2003 г. // *Ведомости Парламента Республики Казахстан*. - 2003. - № 23; Соглашение между Республикой Казахстан и Туркменистаном о разграничении дна Каспийского моря между Республикой Казахстан и Туркменистаном, совершенное в г. Ашхабаде 2 дек. 2014 г. // *Бюллетень международных договоров Республики Казахстан*. - 2015. - № 5.

Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 75-Н-қ., 1-т., 4531-іс, 50-п.

Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 75-Н-қ., 1-т., 2644-іс., 20-п.

Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы №1072 // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100001072_ (16.05.2020).

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №554 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000554>. (08.05.2020).

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы Келісім (Москва, 29.11.2001ж.) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000457_ (18.05.2020).

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларация. Москва қ., 1998ж. 6 шілде // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9800000003> (18.05.2020).

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбінмежелеу туралы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге Хаттаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасының Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000758_ (18.05.2020).

Қазақстан сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді // <https://kaz.nur.kz/1844494-tokaev-kazakstan-syrtky-saasatyny-2020-2030-zyldarga-arnalghan-tzyrymdamasyn-bekitti.html>. (23.04.2020).

Мамедов Р. Международно-правовая делимитация Каспийского моря // *Международное право*. - 2001. - № 5; The legal regime of the Caspian Sea: views of the littoral states by F.Shafiyev // <https://www.academia.edu/15414105>; The Caspian Sea Chessboard: geo-political, geo-strategic, geo-economic analysis. 2014//https://www.researchgate.net/publication/282859355_The_Caspian_Sea_chessboard_Geo-political_and_Geo-economic_Analysis; Shamkhal Abilov Legal status of the Caspian. - 2013 //https://www.researchgate.net/publication/320183299_Legal_status_of_the_Caspian; Ilgar Gurbanov Never-ending Story of the Caspian: Legal Status, Astrakhan Summit and not only // <https://en.azvision.az/news/3166/never-ending-story-of-the-caspian-legal-status-astrakhan-summit-and-not-only.html>.

